

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің 2025-2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысы қыркүйек айы бойынша аналитикалық есебі.

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-де “Мектебім-мейірім мекені” атты салтанатты жиын өткізілді. Алғашқы қоңырауға арнайы қатысып, құттықтауын жеткізген Астрахан ауданы әкімінің орынбасары Оспанова Галия Егинбаевнаға зор алғысымызды білдіреміз. Салтанатты жиында барша ұстаздар мен оқушыларға сәттілік тілеп, білім жолындағы маңызды қадамға шабыт берді.

Мектебіміздің директоры Шонгалова Гульнар Бахытевна жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін айқындап, 5 “А” гимназия сыныбының ашылуымен құттықтап, оқушыларға білімге деген құштарлық, ұстаздарға шыдам мен табыс тіледі. “Мектебім – мейірім мекені” – бұл тек ұран емес, жүрекке жылы тиер шынайы сезім. Білім ордасы – тек білім емес, тәрбие мен қамқорлықтың, мейірім мен рухани байлықтың бастауы!

#мектебіммейіріммекені




<https://www.instagram.com/p/DODbb5YCEAR/?igsh=dGR5bmY0bjBidiBp>

«Тілім менің ғасырларға аманат» «Тілім менің – ғасырларға аманат» атты жалпы мектептік іс-шара өткізілді. Мереке Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келіп, оның тіл ғылымындағы еңбегі мен қазақ әліпбиін қалыптастырудағы рөлі кеңінен насихатталды.


Іс-шараға мектептің 1–11 сынып оқушылары, ұстаздар мен ата-аналар қатысты. Жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаумен басталып, мектеп әкімшілігі мерекенің маңызына тоқталып, тілдің ұлт болашағындағы орны туралы ойларын ортаға салды.

Шара барысында бастауыш сынып оқушылары тіл туралы өлеңдер оқып, өз өнерлерін көрсетті.



https://www.instagram.com/p/DOWkMtpk0e_/?img_index=6&igsh=MWVjcGdsYWhpb2UwYg

«Еңбек елдің мұраты» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)- 2025 жылдың қыркүйек айында орта мектебінде «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» бағыты аясында «Еңбек – елдің мұраты» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақ 10 минут көлемінде ұйымдастырылып, мектептің барлық сыныптарын қамтыды. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларды еңбектің қадірін білуге, адалдық пен жауапкершілікке тәрбиелеу, еңбек барысында қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түсіндіру болды. Өткізу барысында мұғалімдер еңбектің адам өміріндегі орны, «еңбек ер атандырады» деген халық даналығының мәні туралы қысқаша ой бөлісті. Әсіресе, оқушыларға еңбектің тек нәтижеге жеткізетін күш қана емес, сонымен бірге адамды шынықтыратын, жауапкершілікке баулитын болады.



<https://www.instagram.com/reel/DO6OmbjCC12/?igsh=N3l3cWx1bGV5M2p6>

«Жол ережелерін сақтау – қауіпсіздік кепілі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) -2025 жылдың 8 қыркүйек күні орта мектебінде барлық сыныптарға арналған «Жол ережелерін сақтау – қауіпсіздік кепілі» атты қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға жол қозғалысы ережелерінің маңызын түсіндіру, жолда қауіпсіз жүріп-тұру мәдениетін қалыптастыру, сонымен қатар жауапкершілік пен тәртіптілікке тәрбиелеу болды. Сабақ барысында оқушыларға бағдарламашы түстерінің мәні, жаяу жүргіншілер жолағынан өту тәртібі, жол белгілерінің қызметі түсіндірілді. Мұғалімдер оқушыларға көрнекіліктер арқылы жол қозғалысының негізгі ережелерін көрсетті. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларына арналып ойын түрінде сұрақтар қойылып, әртүрлі жол белгілерін ажыратып, мағынасын айту тапсырылды. Орта және жоғары буын оқушыларына жолда абай болу, көлік жүрісін бақылау, қоғамдық көлікте өзін ұстау ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар, «Егер сен бағдарламашының қызыл түсіне қарамай жүгіріп өткің келсе не істер едің?» сияқты жағдаяттық сұрақтар беріліп, оқушылар өз ойларын ортаға салды. Бұл оқушылардың ойлануына, өмірде дұрыс шешім қабылдауына ықпал етті. Қауіпсіздік сабағының соңында «Жол – ортақ, тәртіп – міндет» ұраны айтылып, оқушыларға «Жолда қауіпсіздік – өз өміріңнің кепілі» деген қорытынды жасалды. Сабақ әсерлі, мазмұнды өтті және оқушылардың жолда жүру мәдениеті мен қауіпсіздікке жауапкершілігін арттыруға бағытталды.



<https://www.instagram.com/p/DObnRrVE-M-/?igsh=MXV6dnJ0ejVvZHRmNg==>

«Адал ұрпақ» клубының оқушылары аудандық «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбындағы байқауда 2орынды иеленіп, 0000теңгелік сертификатпен марапатталды. Бұл жетістік оқушыларымыздың адалдықты, әділдікті ұлықтап, қоғамның дамуына бей-жай қарамайтын белсенді азаматтар болып қалыптасып келе жатқанының дәлелі. Жетекшісі: Байжуманова Ж.У



<https://www.instagram.com/p/DOsvpKCiHT/?igsh=OXJjMHMzcDc2OWc3>

«Менің мектебім буллинге қарсы» тақырыбында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. Мектебіміз «Менің мектебім буллинге қарсымыз» атты челленджге қатысты. Мектебімізде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық кездесу өтті. Іс-шараға Турмагамбетов Еркебұлан Ержанович пен Шарипов Алмас Юсупович арнайы шақырылып, оқушылармен ашық әңгіме жүргізді. Полиция қызметкерлері құқықтық тәртіп, кәмелетке толмағандар арасындағы жауапкершілік, мектеп ішіндегі және қоғамдық ортадағы тәртіп ережелері туралы кеңінен түсіндірді. Оқушылар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, маңызды мәліметтер алды. Осындай кездесулер – жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға зор үлес қосады.



<https://www.instagram.com/reel/DOxudTHiJSs/?igsh=NXRlcnlpcGkxd2hj>

Мектебімізде «Адал азамат тәрбиелеудегі жауапты ата-ана, қолдаушы ұстаз және қауіпсіз мектеп» тақырыбында мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында маңызды мәселелер талқыланды. «Мектепке жол» акциясының жүзеге асырылуы, оқушыларды ыстық тамақпен қамту жағдайы. Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар. «Кива» буллинге қарсы бағдарламасының жүргізілуі туралы мәліметтер айтылды. Жиналысқа мектеп әкімшілігі, мұғалімдер және ата-аналар белсенді қатысып, ұсыныстарын білдірді.



<https://www.instagram.com/reel/DOy3XfxiI9c/?igsh=dXRiZjU0Z3MzeGp5>

1 қазан күні 1-4 сынып арасында бастуыш сынып оқушылары мен ата-әжелері арасында «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Қонаққа келген ата-әжелерге бастауыш сынып оқушылары ән айтып, би билеп өз өнерлерін көрсетті. Келген ата-әжелер оқушыларға үлгі боларлықтай іс-тәжірибелерімен бөлісіп, ақыл кеңестерін айтты. Аталар бата айтып оқушыларға ақ батасын берді. Ата-әжелер ән айтып көңілді тағылымды отырыс болды.



<https://www.instagram.com/reel/DPVe7JDCEMY/?igsh=MXVkOW9jemw3bWZhZg==>

Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік концерттік бағдарлама өтті. Іс-шараны 11-сынып оқушылары ұйымдастырып, ардагер ұстаздар мен мектеп мұғалімдеріне ерекше құрмет көрсетті. Концерт барысында оқушылар ән айтып, би билеп өнерлерін көрсетті.




https://www.instagram.com/p/DPW15CriA3M/?img_index=5&igsh=MTBhZXdtcjhrbjBzaA==

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы «Қамқор» жобасы-2025 жылдың қыркүйек айында орта мектебінде «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Қамқор» жобасы аясында «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» атты жалпы мектептік экологиялық акция өткізілді. Акцияның негізгі мақсаты – оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, туған жердің экологиялық тазалығын сақтауға баулу, қоршаған ортаға жанашырлық сезімін қалыптастыру болды. Іс-шара барысында 1–4 сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге мектеп ауласында қоқыс жинап, гүлзарларды ретке келтірді. 5–9 сынып оқушылары мектеп маңындағы көшелер мен қоғамдық орындарды тазалап, қоқыс жәшіктерін ретке келтіріп, сенбілік жұмыстарын атқарды. 10–11 сынып оқушылары ағаштарды әктеп, мектеп жанындағы бау-бақшада тазалық жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, оқушыларға табиғатты қорғаудың маңызы туралы шағын әңгіме жүргізіліп, «Таза табиғат – болашақ кепілі» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Әр сынып өз ұранын дайындап, табиғатты қорғау туралы плакаттар жасады. Әсіресе бастауыш буынның «Таза аула – жарқын болашақ» атты ұраны мен жоғары сыныптардың «Жасыл ел – жарқын ел» тақырыбындағы үндеулері ерекше әсер қалдырды. Акцияға ата-аналар да белсенді түрде атсалысып, балаларымен бірге мектеп ауласын көгалдандыруға үлес қосты.



<https://www.instagram.com/reel/DPGnLNhiOBb/?igsh=MWk2NmtqeWxvbm1vMg==>

Мектебіміздің 1-11 сыныптарында ақпараттық қауіпсіздікке арналған сынып және қауіпсіздік сағаттары өтті. Шара барысында оқушылар интернеттегі қауіп-қатер түрлерімен танысты, жеке деректерді қорғау жолдарын үйренді. Әлеуметтік желідегі этика мен жауапкершілік туралы ой бөлісті.



https://www.instagram.com/p/DO-KoSaCJXb/?img_index=12&igsh=OGNIYno5Z2l0djBt

«Қамқор» әлеуметтік жобасы аясында 10 сынып оқушылары ауыл тұрғыны, жалғыз басты қарт адамның үйіне көмір кіргізуге көмектесті. Оқушылардың бұл игі ісі-үлкенге құрмет пен қамқорлықтың жарқын үлгісі.



<https://www.instagram.com/reel/DO5DNgFCKLa/?igsh=MXd5eWx1dm8ycmozMA==>

Орындаған: ДТІЖО Олжабек С, Имантаева А.Қ